

Бөкей ордасы ауданы бойынша 2012 жылға нысаналы топтар үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 2 мамырдағы № 87 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 31 мамырда № 7-4-133 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 21 қаңтардағы № 2 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы ауданы әкімдігінің 21.01.2013 № 2 қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңын, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының іске асыру жөніндегі шаралар туралы" қаулысына сәйкес, аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Бөкей ордасы ауданы бойынша 2012 жылға нысаналы топтар үшін әлеуметтік жұмыс орындары уақытша жұмыс орындарын құру арқылы ұйымдастырылсын.

2. "Бөкей ордасы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі және "Бөкей ордасы ауданының жұмыспен қамту орталығы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Л. Т. Кайырғалиеваға жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Р. Карин